

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 қаңтардағы N 68 қаулысына толықтыру енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы N 18 наурыз N 257.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының және Мемлекеттік халықты жұмыспен қамту қызметінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 қаңтардағы N 68 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

2-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының атқарушы дирекциясы ; "

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мына шешімдерінің күші жойылды деп танылсын :

1) "Қазақстан Республикасы кеден органдарының жұмысын жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 қыркүйектегі N 1112 қаулысы ;

2) "Салық қызметі органдарын әлеуметтік дамыту және материалдық-техникалық қамтамасыз ету қорын пайдаланудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 1 тамыздағы N 1205 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 35 , 327 - құжат) ;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 мамырдағы N 403-31к қаулысы ;

4) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 қаңтардағы N 68 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 ақпандағы N 117 қаулысы .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

